

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ



Бекітемін

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор м.а

Т. Балықбаев

2020ж.

КАФЕДРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚазҰПУ 10-01

Көшірме	Код	Басылым	Дайындалды	Келісілді	Келісілді
	Е ҚазҰПУ 10-01	Бесінші	Жанбеков Х.Н. 	Сатмурзаев А.А. 	Оразғали Ә.Д.
				Жусупбеков С.С. 	Норма контроль: Жанбаева Л.А.

Алматы, 2020

	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ	Күні: 09.11.2020	Басылым: бесінші
	Кафедра туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 10-01	Беті 2, барлығы 8

1. ЕРЕЖЕНІ ӘЗІРЛЕУДІҢ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

Кафедра туралы осы Ереже төмендегі нормативтік құқықтық актілер негізінде әзірленді және бекітілді:

- Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығымен бекітілген "Педагог" кәсіби стандарты;
- Қазақстан Республикасының 30.12.2019 жылғы №293-VI "Педагог мәртебесі туралы" Заңы;
- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 4 қазандағы №384-п-м бұйрығымен бекітілген жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;
- 29.11.2019 ж. ISO 37001:2016 Стандартымен "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі" сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты.
- ХС ISO 9001:2015
- Абай атындағы ҚазҰПУ КеАҚ 2018-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1. Кафедра туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі-Университет) ішкі құжаты болып табылады, оның негізгі міндеттерін, функцияларын, құрамын, құрылымын, құқықтарын, жауапкершілігін, қызметін ұйымдастыру және университеттің басқа бөлімшелерімен, сондай-ақ бөгде ұйымдармен өзара іс-қимыл тәртібін айқындайды.

2.2. Кафедра белгілі бір ғылым саласының мамандарын біріктіретін және бір немесе бірнеше ұқсас пәндер бойынша оқу, ғылыми, тәрбие және әдістемелік жұмысты жүргізуді қамтамасыз ететін, оның атауында толық немесе ішінара көрсетілген университеттің негізгі оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Кафедра Университет Жарғысына және осы Ережеге сәйкес жұмыс істейді.

2.3. Кафедра институт/факультет директорына/деканына бағынады. Кафедра ректордың бұйрығы бойынша ұйымдастырылады. Кафедраны ұйымдастыру, қайта атау, бөлу, біріктіру немесе тарату университет ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ	Күні: 09.11.2020	Басылым: бесінші
	Кафедра туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 10-01	Беті 3, барлығы 8

2.4. Кафедра өз қызметінде Қазақстан Республикасының Заңнамасын: Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан-2050" Стратегиясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңын, жоғары кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу қағидаларын, аралық бақылау жүргізу қағидаларын; ішкі нормативтік құжаттар: университет Жарғысын, Абай атындағы ҚазҰПУ–дың 2025 жылға дейінгі даму стратегиясын, университеттің академиялық саясатын, университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімін, Ішкі тәртіп Ережелерін, осы Ережені, сапа менеджменті жүйесінің басшылығын және рәсімдерін, ҚР БҒМ нормативтік-құқықтық құжаттарын, сондай-ақ Болон процесі шеңберінде қабылдаған құжаттарды басшылыққа алады. Білім беру саласында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін, университет Жарғысын, ректордың, директордың/деканның, университет ректорының бұйрығымен бекітілген Ғылыми кеңестің бұйрықтарын және өкімдерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын, мүдделер қақтығысын шешу саясатын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша басқа да ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

2.5. Кафедра білім беру қызметін жүргізуге лицензияны университет құрамында алады.

2.6. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын – бакалавриат бағдарламаларын, магистратура бағдарламаларын, PhD докторантура бағдарламаларын іске асыру құқығын Кафедра тиісті дайындық бағыттары мен білім деңгейіне лицензия берілген сәттен бастап алады.

2.7. Кафедра жұмысының мазмұны мен регламенттелуін университеттің жылдық және перспективалық даму жоспарлары мен құжаттары айқындайды.

3. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Негізгі мақсаттар мен міндеттерге мыналар жатады:

3.1. Кафедраның негізгі міндеттері мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес терең теориялық және қолданбалы білім мен құзыреттілікке ие жоғары кәсіби білікті мамандарды даярлау бойынша оқу-тәрбие жұмысын, студенттер, оқытушылар, қызметкерлер арасындағы тәрбие жұмысын, кафедра бейіні бойынша ғылыми зерттеулерді

	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ	Күні: 09.11.2020	Басылым: бесінші
	Кафедра туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 10-01	Беті 4, барлығы 8

ұйымдастыру және сапалы деңгейде жүзеге асыру, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру болып табылады.

3.2. Негізгі міндеттерге мыналар жатады:

- кафедрада оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- кәсіби қызметтің белгілі бір саласында және жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларда жұмыс істеу үшін даярлау жүйесі арқылы білікті мамандардың интеллектуалды, мәдени және адамгершілік дамуындағы жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- кафедра бейіні және кәсіптік білім беру проблемалары бойынша іргелі, іздестіру және қолданбалы ғылыми зерттеулерді және өзге де ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;
- мемлекеттік білім беру стандарттарында және даярлаудың оқу жоспарларында көзделген пәндер мен курстарды, кафедра бейіні бойынша элективті пәндер мен курстарды, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім берудің бағдарламалары мен оқу жоспарларына енгізілген пәндерді оқытуды қамтамасыз ету; оқу процесіне қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды енгізу;
- кафедра қызметкерлерінің бастамашылық тәртіппен, сондай-ақ гранттық қолдауға, бюджеттік және бюджеттен тыс шарттарға сәйкес ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруы және іске асыруы;
- білім алушыларда азаматтық ұстанымды, толерантты сананы, қазіргі жағдайда еңбек пен өмір сүру қабілетін қалыптастыру, қоғамның мәдени және ғылыми құндылықтарын сақтау және көбейту.

3.3. Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін кафедраға мынадай функциялар жүктеледі:

- оқу жоспарларын, оның ішінде оқытудың қысқартылған және жеделдетілген нысандары бойынша, жеке кесте бойынша, қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін әзірлеу;
- кафедраның оқу пәндерінің жұмыс бағдарламаларын әзірлеу және белгіленген тәртіппен бекітуге ұсыну, сондай-ақ басқа кафедралар дайындаған оқу пәндерінің жұмыс бағдарламаларына қорытындылар жасау;
- оқу-әдістемелік кешендерін, пәндерді, оқулықтарды, оқу құралдарын және басқа да оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу, сондай-ақ оқулықтарға, оқу құралдарына және басқа да оқу-әдістемелік әдебиеттерге рецензия беруді ұйымдастыру;

	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ	Күні: 09.11.2020	Басылым: бесінші
	Кафедра туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 10-01	Беті 5, барлығы 8

- университеттің кітапхана қорын қалыптастыру үшін кафедра пәндері бойынша негізгі оқу әдебиетіне қажеттілікті анықтау;
- тиісті оқу жоспарларында қарастырылған оқу сабақтарын өткізу;
- білім алушылардың өзіндік жұмысына басшылық жасау;
- білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық аттестаттау, қорытынды аттестаттау жүргізу;
- кафедра өткізетін оқу сабақтарының барлық түрлеріне инновациялық білім беру технологияларын енгізу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасау, оларды кафедраның ғылыми жұмысына тарту арқылы шығармашылық белсенділігін арттыру, студенттердің ғылыми жұмыстарының олимпиадалары мен сайыстарына, арнайы шәкіртақыға сыртқы сайыстарға қатысу;
- ЖОО-да жұмыс істейтін тәлімгерлік жүйесі арқылы білім алушылармен тәрбие жұмысын жүргізу;
- кафедра дерекқорын қалыптастыру және қолдау, университет құжаттарының талаптарына сәйкес білім беру қызметі туралы жыл сайынғы есепті ұсыну.

3.4. Ғылыми-зерттеу қызметі бойынша функциялардың тізбесі:

- институттың, университеттің ҒЗЖ бекітілген жоспарларына сәйкес кафедраның ҒЗЖ жоспары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және олардың нәтижелерін оқу процесіне енгізу;
- университет құжаттарының талаптарына сәйкес ғылыми қызмет туралы жыл сайынғы есепті ұсыну;
- ғылыми-әдістемелік және ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу;
- монографиялар мен ғылыми мақалалар, магистрлік және PhD докторлық диссертацияларға пікірлер және т.б. дайындау.
- оқытушылардың жеке жұмыс жоспарларын қарастыру;
- кафедраның жетекші оқытушыларының жұмыс тәжірибесін зерттеу, қорыту және тарату, жас оқытушыларға педагогикалық шеберлікті меңгеруге көмек көрсету;
- педагогикалық қызметке жетекші ғалымдар мен ғылыми кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандарын тарту;
- PhD докторанттары мен магистранттардың жеке жоспарларын, диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесін (research proposal), PhD

	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ	Күні: 09.11.2020	Басылым: бесінші
	Кафедра туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 10-01	Беті 6, барлығы 8

докторанттарының диссертацияларын және диссертация тақырыптарын дайындау жоспарларын қарау;

- PhD докторанттары мен магистранттардың есеңтерін мерзімді тыңдау, оларды жыл сайын аттестаттаудан өткізу;
- ЖОО-ның құрылымдық бірлігі ретінде кафедра қызметі бойынша функциялар тізімі;
- мектеңтерде, лицейлерде, колледждерде, кәсіпорындар мен ұйымдарда кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізуге қатысу;
- "Бағдар беру апталығы", "Ашық есік күндеріне", түлектермен кездесулерге, институттың, университеттің мәдени-ағарту іс-шараларына қатысу;

3.5. Кафедраның өкілеттіктеріне мыналар жатады:

- факультативтік және элективті пәндер атауларының тізбесін ұсыну және әзірлеу, жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының талаптары шеңберінде оқуға берілетін кредиттер саны;
- оқу жоспарында пәндерді оқытудың бірізділігін, аралық және қорытынды аттестаттау түрін іске асыруға арналған ұсынымдар мен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында белгіленген сағаттар санын оқу сабақтарының түрлері бойынша оларды зерделеуге бөлу;
- кафедраға, институтқа / факультетке, университетке бекітілген үй-жайларды консультациялар өткізу үшін, негізгі білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттермен қосымша оқу сабақтарын, кафедра жоспары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу және консультациялар үшін пайдалану;
- МЖМБС талаптарын, біліктілік сипаттамаларын ескере отырып, пәндердің жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларын жасау, оларды университеттің оқу-әдістемелік кеңесінің қарауына ұсыну;
- ерекше көзге түскен білім алушыларды көтермелеу туралы қолдаухатты, үлгерімі төмен білім алушыларды оқудан шығару туралы ұсыныспен ену;
- ЖОО басшылығымен келісім бойынша кафедра жұмысына қатысуға басқа бөлімшелер мен басқа ұйымдардың қызметкерлерін тарту;
- ЖОО басшылығына штаттық кестеге өзгерістер енгізу, кафедра қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату және ауыстыру, оларды көтермелеу және жазалау туралы ұсыныстар ұсыну;

	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ	Күні: 09.11.2020	Басылым: бесінші
	Кафедра туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 10-01	Беті 7, барлығы 8

- Кафедра қызметінің мәселелері бойынша сыртқы ұйымдарда ЖОО-ның тұсаукесерін өткізу.

3.6. Кафедра қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және университет Жарғысымен қарастырылған басқа да құқықтары мен өкілеттіктері бар;

3.7. Кафедра міндетті:

- өз қызметінің барлық бағыттарының жоғары тиімділігін қамтамасыз етуге;

- кәсіптік бағдар беру жұмысына қатысу, білім алушыларды қабылдау және бітіру үшін жауапты;

- түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге;

- "Өмір бойы оқыту" тұжырымдамасы аясында жас мамандарға әдістемелік көмек көрсете отырып, түлектермен тұрақты байланыс жүргізуге;

- институт, университет басшылығының тапсырмасы бойынша дипломға қосымшаларды және басқа да құжаттарды дайындауға және бекітуге;

- өз қызметінің барлық бағыттарының жоғары тиімділігін қамтамасыз етуге;

- ішкі еңбек тәртібі ережелерін бұзуға жол бермеуге.

3.8. Кафедра қызметкерлері міндетті:

- еңбек тәртібін сақтауға;;

- лауазымдық міндеттерін, жеке жұмыс жоспарларын, кафедра меңгерушісінің тапсырмаларын орындауға;

- кафедраның, институттың/факультеттің және университеттің жалпы іс-шараларына қатысуға.

3.9. Міндеттер мен функциялардың сапалы және уақтылы орындалуына, Кафедра қызметінің барлық бағыттары бойынша жұмыс жоспарларының орындалуына, сондай-ақ оқытушылар мен оқу-көмекші құрамның тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай жасауға кафедра меңгерушісі жауапты болады.

3.10. Университет басшылығын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың ықтимал немесе орын алған бұзушылықтары, мүдделер қақтығысын шешу саясаты және университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі басқа да ішкі нормативтік құжаттарының талаптары туралы ақпараттандыру жөніндегі саясатты қолдайды.

	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ	Күні: 09.11.2020	Басылым: бесінші
	Кафедра туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 10-01	Беті 8, барлығы 8

3. ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1. Кафедраның құрылымы мен сандық құрамы оқу жүктемесінің көлемі мен сипатына, ғылыми зерттеулердің көлемі мен сипатына, ҚР БҒМ мен университеттің нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарында көзделген өзге де себептерге байланысты. Кафедра жүктеме көлеміне байланысты кемінде 10 штаттық бірлік (оқытушы) құрамында және кемінде 55% дәрежесімен ұйымдастырылады.

4.2. Кафедраның өз құрылымында: оқу зертханалары, компьютерлік сыныптар, әдістемелік кабинеттер, ғылыми-зерттеу зертханалары болуы мүмкін. Кафедра (штат) құрамына: кафедра меңгерушісі, әдетте ғылыми дәрежесі мен атағы бар, профессор, қауымдастырылған профессор, аға оқытушы, оқытушы, ассистент, оқу шебері, зертханашы кіреді.

4.3. Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына орналасу тиісті қызметкермен кадрлар бөлімі және университет ректоры белгілеген мерзімге жасалатын еңбек шарты бойынша жүргізіледі.

4.4. Профессор-оқытушылар құрамы үшін оқу жүктемесін "Абай атындағы ҚазҰПУ ПОҚ орындайтын педагогикалық жүктеме көлемін есептеу үшін бірыңғай уақыт нормалары Ережесіне" сәйкес профессор-оқытушылар құрамы орындайтын оқу Басқармасы белгілейді.

4.5. Кафедра қызметкерлері үнемі институттарда және біліктілікті арттыру орталықтарында тағылымдамадан өту, ғылыми-зерттеу және педагогикалық жұмыстарға, ғылыми конференцияларға, симпозиумдарға қатысу арқылы біліктіліктерін арттырады.

4.6. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы жұмысының мазмұны мен регламенттелуін оқытушының лауазымдық нұсқаулықтары, еңбек шарттары, жеке жұмыс жоспарлары, оқу сабақтары мен емтихандардың бекітілген кестелері, академиялық күнтізбе, университеттің нормативтік-құқықтық құжаттары айқындайды.

4.7. Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы жұмысының мазмұны мен регламенттелуін еңбек шарттары, лауазымдық нұсқаулықтар мен жұмыс кестелері анықтайды.

4.8. Кафедра қызметінің негізгі түрлері мәжілістерде талқыланады. Кафедраның жұмысы оқу, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие және басқа да жұмыс түрлерін қамтитын жылдық жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады. Осы жоспарлардың орындалу барысын және кафедра қызметінің басқа да мәселелерін талқылау кафедра профессор-оқытушылар құрамының

	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ	Күні: 09.11.2020	Басылым: бесінші
	Кафедра туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 10-01	Беті 9, барлығы 8

қатысуымен меңгерушінің төрағалық етуімен кафедра отырыстарында тұрақты түрде өткізіледі.

4.9. Кафедра отырыстары жұмыс жоспарына сәйкес айына бір рет белгіленген мерзімде өткізіледі. Кезектен тыс отырыстар қажеттілігіне қарай өткізілуі мүмкін.

4.10. Кафедра отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды кафедраның кез келген қызметкері енгізе алады. Қызметкерлердің көпшілігінің шешімімен күн тәртібі өзгертілуі, толықтырылуы мүмкін. Оған алдын ала дайындықты талап етпейтін мәселелер енгізілуі мүмкін. Кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша қарауға қабылданған мәселелерді талқылау регламенті бекітіледі.

4.11. Кафедра отырыстарына кафедраның бүкіл құрамы қатысады. Кафедра отырысына басқа кафедралардың, жоғары оқу орындарының ПОҚ, мүдделі ұйымдардың қызметкерлері шақырылуы мүмкін.

4.12. Дауыс беруді отырысқа қатысқан кафедраның барлық мүшелері жүзеге асырады. Профессор-оқытушылар құрамының лауазымына ұсыным беру мәселелері бойынша дауыс беруге штаттық оқытушылар қатысады. Жекелеген мәселелер бойынша дауыс беру ашық немесе құпия түрде өтеді. Кафедраның әр мүшесі бір дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда кафедра меңгерушісінің дауысы шешуші болып табылады.

4.13. Кафедраның әрбір отырысында міндетті түрде хаттама жүргізіледі, оған кафедра меңгерушісі мен осы отырыстың хатшысы қол қояды.

4.14. Жұмыстың барлық түрлерінің мазмұны, ұйымдастырылуы мен орындалу әдістемесі кафедра қабылдаған істер номенклатурасы мен СМЖ-ға сәйкес жүргізетін және сақтайтын құжаттамада көрсетіледі.

4.15. Кафедрада оқу және ғылыми-зерттеу процесінің мазмұнын, ұйымдастырылуын және өткізілу әдістемесін көрсететін құжаттама болуы тиіс, оның тізбесі университеттің іс жүргізу жөніндегі нұсқаулығымен айқындалады.

5. ҚҰҚЫҚТАР

Құқығы бар:

5.1. Қойылған міндеттерді тиімді орындау үшін кафедраға университет басшылығының қарауына енгізу құқығы беріледі:

- бөлімшенің қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар;
- бөлімшенің қызметі бойынша ескертулер;

	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ	Күні: 09.11.2020	Басылым: бесінші
	Кафедра туралы Ереже	Е ҚазҰПУ 10-01	Беті 10, барлығы 8

- бөлімше қызметкерлерін ауыстыру, жұмыстан шығару және тағайындау бойынша, оның ішінде бөлімше қызметкерлерін көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану туралы баянаттар ұсыну.

5.2. Университет басшылығынан немесе "Парасат" орталығының мамандарынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты мәселе немесе жағдай туындаған жағдайда не істеу керектігі туралы кеңестер алу.

Университетті басқаруға жатпайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелінің төмен деңгейінен жоғары деңгейі туралы болжам бар кез келген операцияға қатысудан бас тарту.

5.3. Кафедра қызметкерлері университет басшылығынан немесе "Парасат" орталығының мамандарынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты мәселе немесе жағдай туындаған жағдайда не істеу керектігі туралы кеңес алуға құқылы.

Университетті басқаруға жатпайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелінің төмен деңгейінен жоғары деңгейі туралы болжам бар кез келген операцияға қатысудан бас тартуға құқылы.

6. Жауапкершілік

6.1. Осы Ережеде көзделген талаптарды кафедраның тиісінше және уақтылы орындауы үшін кафедра меңгерушісі жауапты болады.

6.2. Кафедра меңгерушісіне мынадай жауапкершіліктер жүктеледі:

- кафедраға жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау бойынша кафедра қызметін ұйымдастыру;
- кафедрада құжаттарды жедел және сапалы дайындауды және орындауды ұйымдастыру, қолданыстағы ережелер мен нұсқаулықтарға сәйкес іс жүргізу;
- кафедра қызметкерлерінің еңбек және өндірістік тәртіпті сақтауы;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының, мүдделер қақтығысын шешу саясатының, Қазақстан Республикасының ішкі нормативтік құжаттары мен заңнамалық актілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде талаптарын сақтауға.

6.3. Кафедра қызметкерлерінің жауапкершілігі осы Ережемен және лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді.